

"Новый орта мектеп- лицей" КММ

Қамқоршылық кеңесі отырысының
ХАТТАМАСЫ № 1

Мерзімі: 23.10.2020ж

Қатысқаны: 16

Қатыспағаны : 0

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

- 1) Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын-алу шаралы туралы
- 2) Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру
- 3) Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру бағытында жасалынған жұмыстар

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Т. Табылғанов:

Бүгін кезекті отырысымызды бастаймыз. Күн тәртібінде қаралатын мәселелер өте өзекті. Сондықтан ретімен шығып сөйлесеніздер.

Д. Ермекбаев (Ақтөбе қаласы ПБ Астана ауданының № ҚІБ ЖПҚ инспекторы) :

Мектеп бойынша кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу шаралары бойынша жоспарға сай іс-шаралар жүргізіліп жатыр.

Қазіргі таңда 1323 оқушы білім алуда. Биылғы оқу жылында мектепішілік және ішкі істер бөлімінде есепте тұрған, "Тәуекел" тобының есебінде тұрған , тәртібі қиын қалалық есепте тұрған оқушылар жоқ. Дегенмен де 1 отбасы сәтсіз жанұя есебіне алынған. Гасанов Рамин биыл 5"И" класында оқиды. Әкесі- Гасанов Рамиз қазіргі таңда абақтыда отыр, анасы- Гасанова Ольга контролер болып жұмыс істейді. Бұл отбасы зауыт полициясының есебінде тіркелген. Отбасы мүшелеріне бақылау жүргізіліп, үнемі мектеп психологы, класс жетекші, мектеп әкімшілігінің араласуымен қадағаланып отырады.

Мектептегі "Тәртіп сақшылар" отрядымен, класс жетекшілермен үнемі бірлесе жұмыс атқарып келеміз. Тәртіп сақшылармен бірге класс жетекшілер де Жаңақоныс елді-мекенінде орналасқан дүкендер, дүңгіршік, мейрамхана және көпқабатты үйлерді аралаймыз. Оқушылардың тәртібі, сабаққа қатысымы, сабаққа кешігіп-кешікпеуі, мектепте өзін -өзі ұстауы үнемі бақыланып отырады. Жалпы оқушылардың тәртібі, сабаққа қатысымы жақсы. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында үйірмелер ұйымдастырылған.

Әр тоқсан сайын өткізілетін ата-аналар жиналысында ата-ана жауапкершілігі туралы, түнгі уақытта оқушылардың үлкендердің қарауынсыз жүруіне болмайтындығы туралы айтып отырамыз. Әкімшілік кодекске сәйкес ойын- сауық орталықтары деп түнгі клубтар, компьютерлік клубтар, кинотеатрлар, бильярд және боулинг клубтары белгіленген. Яғни барлық көңіл көтеретін орындар жатады. Аталған жерлерде оқушылар кешкі 22.00 ден кейін жүруге болмайды.

Кластарда өткізілетін түсіндірме жұмыстары барысында да түнгі рейдтер туралы айтылып келе жатыр. Сонымен қатар мектепте оқушылардың ұялы телефон ұстауына қатаң тыйым салынды.

С. Маханов - Қамқоршылық кеңесінің мүшесі

"Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды",-деген Бауыржан атамыз айтқандай, ең бірінші кезекте ата-ананың жауапкершілігінің тәрбие саласында маңызды екенін тағы да айтқым келеді. Әрбір ата-ана өз баласының саналы, мәдениетті, ортасына сыйлы, тәрбиелі болып өсуі үшін отбасынан бастағаны дұрыс. Адам бойында адамгершілік құндылықтар болмаса, олардың орнын ешқандай терең білім толтыра алмайтынын білеміз. Тәрбиедегі басты мәселе - біз балаларымызды толық түсінуміз, олармен үнемі жақсы қарым-қатынаста болып, ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін түсіндіре білуіміз керек.

А. Кисикова (Новый орта мектеп- лицейінің директоры):

Оқушылардың бос уақытын пайдалану үшін оқушылар арасында жыл басында сауалнама өткіземіз. Сол арқылы оқушының қызығушылығын, қабілетін ескере отырып, жоспар құрылып, жұмыс жасалынып келеді. Мектебімізде үйірмелермен қатар жобалар да жүзеге асып келеді. Бұл ретте біз сөз еткен зерттеу шеңберлерін кеңейтіп, нәтижелілігін арттыру үшін мектеп оқушыларын зерттеушілік жұмыстарға бейімдеу, оқушылардың дүниетанымын кеңейту, зерттеушілік қызметке баулу, ізденушілік қасиеттерін жетілдіру мақсатында "Кішкентайлар зертханасы" деп аталатын жаңа жобаны іске қосқан болатынбыз. Қазіргі таңда барлық жобаларын өзінің нәтижелілігін көрсетіп, жалғасуда.

М. Конисбаева (директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары) :

Новый орта мектеп-лицейі оқушыларының бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатында 2020-2021 оқу жылында спорттық секциялар мен ақысыз үйірмелер жұмысын жалғастырды. 2019-2020 оқу жылында 717 оқушы үйірмелер мен спорттық секцияларға тартылса, биылғы оқу жылы бұл көрсеткіш 809 оқушы болып отыр. Былтырғы оқу жылымен салыстырғанда 12 % жоғары көрсетіп отыр. Үйірмелер саны-11. Қамтылған оқушылар саны- 240. Олар:

№	Үйірме атауы	Жетекшісі	Бала саны
1	Қызықты математика	Қожабек М.Ш	22
2	Робототехника	Қапаш Ә.Ә	22
3	Шебер қолдар	Құлтаев К.К	22
4	Сәндік қолданбалы өнер	Қойшығұлова С	22
5	Жас суретші	Мырзағалиева А.Ж	22
6	Enjoy English	Тыныштықова М.М	22
7	Сөз өнері	Дәулетов А.С	22
8	Меткий стрелок	Калиев Б.Б	22
9	Туған өлке	Мұңайтпасова Н.М	22
10	«Сымбат» хор үйірмесі	Калыкова А.М	22
11	Гүл-ғажайып дүние	Жанғабылова С.Т	20

Үйірме қашықтық оқуға байланысты аптасына 1 сағат оқушылардың бос уақытын ескере отырып, өткізіледі. Жетекшілері оқушыларға арнайы тапсырмалар беріп, сол

тапсырмалардың дұрыс орындалуына көмек , бағыт-бағдар беріп отырады. Ал оқушылардың кезекті демалысы кездерінде үйірме жетекшілері барлық санитарлық гигиеналық талаптарды сақтай отырып, оқушыларды мектепке шақырып, жұмыс жүргізеді.

2020-2021 оқу жылы бойынша мектеп - лицейінде 12 спорттық секция жұмыс жасайды. Барлығы 390 оқушы қамтылып отыр. Олар:

№	Секция атауы	Саны	Жетекшісі	Аптасына сағат саны	Оқушы саны
1	Футбол	2	Отарбаев Ж	1	40
			Кенжебекова Ж.А	1	40
2	Волейбол	2	Егінбай Б.Ж	1	40
			Сағымбай А.С	1	40
3	Баскетбол	2	Кулов М.А	1	40
			Байтлеуов Г.Е	1	40
4	Теннис	1	Отарбаев Ж.Г	1	40
5	Жеңіл атлетика	1	Егінбай Б.Ж	1	40
6	Гандбол	2	Кенжебекова Ж.А	1	40
			Есенбаев А.С	1	40
7	Тоғызқұмалақ	1	Сағымбай А.С	1	40
8	Шахмат	1	Есенбаев А.К	1	40

Б. Әбдіқалықова (аға тәлімгер) :

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын жүзеге асыру барысында мектебімізде жоспар бекітіліп, жұмыс атқарылуда. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында мектеп бұйрығы шығарылды. Мұнда мектеп қызметкерлерінің қызмет барысында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу керектігі нақты көрсетілген. Сонымен қатар оқушыларды ашықтық пен айқындылыққа баулу бағытында "Адал ұрпақ" үйірмесі жұмыс жасайды.

Оқушылардың арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары сана мәдениетті дамыту, адалдыққа тәрбиелеу, бір-бірімізге деген сенімді қалыптастыру мақсатында мектебімізде 2019 жылдан бастап ашылған "Адалдық дүкені" биылғы оқу жылында да жұмысын жалғастырып жатыр.

Аталған жұмыстармен қатар адалдық сағаттары, сауалнама жүргізілуде.

Шешім:

1. Оқушыларға жүргізілген құқықтық, адамгершілік тәрбиесі бойынша атқарылған жұмыстар "қанағаттанарлық" деп танылып, оқушылардың кешкі мезгілдегі жүрістері қатаң бақылауда болсын.
2. Мектеп оқушыларының қосымша білім берумен қамтылуы "қанағаттанарлық" деп танылып, алдағы уақытта жалғасын тапсын.

3. Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асырылу кезінде жүргізілген жұмыстарда жариялылық, ашықтық сақтала отырып, мектеп сайты, әлеуметтік желілерге жүйелі түрде жариялансын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:  Т. Табылғанов

Хатшы:  С. Ахажанова